

ДОСПАНОВ Жұмабай Орынғалиұлы

Доспанов Жұмабай Орынғалиұлы – 1952 ж. Махамбет ауданы, Тандай селосында туған. Гурьев педагогикалық институтын бітірген. Еңбек жолын 1969 ж. «Баксай» совхозында жұмысшылықтан бастаған. 1970-72 ж.ж. әскерде болған. 1972-74 ж.ж. «Гурьевводстрой» тресі құрылыс-монтаж баскармасында көркемдеуші, 1974-78 ж.ж. облыстық жергілікті өнеркәсіп басқармасы құрылыс материалдары комбинатында мастер, аға суретші, цех бастығы, техник, 1979-84 ж.ж. «Гурьевоблремстрой» тресі құрылыс-жөндеу баскармасында инженер, мастер, 1984-87 ж.ж. «Гурьевоблремстрой» тресі кәсіподак комитетінің төрағасы, 1987-88 ж.ж. жергілікті өнеркәсіп, коммуналдық-тұрмыстық кәсіпорындар қызметкерлері кәсіподағы Гурьев облыстық комитетінің хатшысы, 1988-1990 ж.ж. осы салалық кәсіподак республикалық комитетінің Гурьев облысы бойынша ұйымдастырушысы,

1990-2003 ж.ж. жергілікті өнеркәсіп, коммуналдық-тұрмыстық кәсіпорындар қызметкерлері кәсіподағы Атырау облыстық комитетінің төрағасы. КСРО жергілікті өнеркәсіп, коммуналдық-тұрмыстық кәсіпорындар қызметкерлері кәсіподағы Х-сьезінің делегаты (1990). Қазақстан кәсіподақтары федерациясы XVII съезінің (2000) делегаты. 2000 ж. бері «Демократияны қолдау Атырау орталығы» мекемесінің директоры, 2000-2001 ж.ж. «Вечерний Атырау ақшамы» газетінің бас редакторы, 2004 ж. мемлекетаралық «Алтын ғасыр» газетінің бас редакторы.

2011 жылдан бастап өмірің әскери тарихты зерттеуге арнаған ол Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан қазақстандық майдангерлердің, соның ішінде бұрын-соңды есімдері аталмаған мыңдаған қазақ офицерлері мен 7 700-ден астам қыз-келіншектердің ерлігін Ресей Федерациясы Қорғаныс министрлігінің Орталық мұрағаты (ЦАМО) сияқты ресми мұрағат



деректері арқылы дәлелдеп шықты. Оның бұл табанды еңбегі нәтижесінде тарих ғылымына қосқан зор үлесі саналатын бірнеше іргелі кітаптары жарық көрді.

Қадірлі ағайын!

ТАРИХШЫ, ЖАЗУШЫ, ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ, ҚАЗАҚСТАН ЖАЗУШЫЛАР ОДАҒЫНЫҢ МҮШЕСІ ЖҰМАБАЙ ОРЫНҒАЛИҰЛЫ САНАЛЫ ҒҰМЫРЫН ЕЛ ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУГЕ, ҰЛТ ЖАДЫН ЖАҢҒЫРТУҒА, КЕЙІНП ҰРПАҚҚА АҚИҚАТТЫ АМАНАТ ЕТУГЕ АРНАҒАН ҚАЙРАТКЕР ТҰЛҒА ЕДІ. ОЛ ЕКІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫСҚА ҚАТЫСҚАН ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖАУЫНГЕРЛЕРДІҢ ТАҒДЫРЫН МҰРАҒАТТЫҚ ҚҰЖАТТАР НЕПІЗІНДЕ ТҮГЕНДЕП, ЕСІМІ КӨМЕСКІ ТАРТҚАН МЫҢДАҒАН МАЙДАНГЕРДІҢ ЕРЛІГІ МЕН ӨМІР ЖОЛЫН ҒЫЛЫМИ АЙНАЛЫМҒА ЕНГІЗДІ. ОНЫҢ КӨПТОМДЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРІ МЕН ЕҢБЕКТЕРІ ОТАНДЫҚ ӘСКЕРИ ТАРИХ ҒЫЛЫМЫНЫҢ БАҒА ЖЕТПЕС ҚАЗЫНАСЫНА АЙНАЛДЫ.

Қаламгер ретінде де, азамат ретінде де Жұмабай Доспанов ұлт руханиятына адал қызмет етті. Ол тарихи әділеттілікті қалпына келтіруді өмірлік мұраты санап, халқымыздың қаһармандық шежіресін толықтыру жолында өлшеусіз еңбек сіңірді. Оның есімі ел тарихын қастерлейтін жұртшылықтың жадында мәңгі сақталады.

Қазақстан Жазушылар одағының атынан және жеке өз атымнан марқұмның отбасы мен туған-туыстарына, барша оқырмандарына қайғыра көңіл айтамын.

Жұмабай Орынғалиұлының жарқын бейнесі мен халқына сіңірген еңбегі ұмытылмайды. Марқұмның жаны жәннатта, иманы саламат болсын.

Мереке ҚҰЛКЕНОВ,
Қазақстан Жазушылар одағы
басқармасының төрағасы
Алматы қаласы

Таңдайдан түлеп ұшқан...

ЖІГЕР-ҚАЙРАТҚА ТОЛЫ, БҰЛ ФӨНИДЕ ЕҢСЕСІН ТІК ҰСТАП, ӨМІРДІҢ ӨЗІНЕ ДЕ, КӨЗІНЕ ДЕ БАТЫЛ ҚАРАҒАН, ТАҢДАЙ АУЫЛЫНАН ТҮЛЕП ҰШҚАН ТАРИХШЫ-ЗЕРТТЕУШІ, ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ, ҚАЗАҚСТАН ЖАЗУШЫЛАР ОДАҒЫНЫҢ МҮШЕСІ ЖҰМАБАЙ АҒА ОРЫНҒАЛИҰЛЫ МЫНАУ ЖАЛҒАН БОЗ ДҮНИЕДЕН БАЗ КЕШКЕН ЕКЕН. ЗАМАН ӨТЕДІ, АДАМДАР ДА КЕЛЕМЕСТІҢ КЕМЕСІНЕ МІНЕТІНДІГІ БҰЛАРТПАС АҚИҚАТ. ТЕК БҰЛ ДҮНИЕДЕ ҚАЛАТЫНЫ ӘРБІР ЖАННЫҢ ЖАҚСЫ АМАЛДАРЫ МЕН ИГІЛІККЕ ТОЛЫ ЕҢБЕКТЕРІ ЕКЕНДІГІ СӨЗСІЗ.

Ауылдас ағам мына өмірде шынайы тілекшім болды. Туған жері, кіндігі кесіліп, шыр етіп жерге түскен, бауырында еңбектеп, қаз басқан, өскен қасиетті де қадірлі мекені – Таңдай ауылы.

Жұмабай ағамыз туған жерін жанындай сүйіп өтті. Оның айқын айғағы ауылының тарихын шаң басқан архивтерден іздеп тауып, 40 баспа табақ болатын «Киелі мекен. Баксай – Таңдай шежіресі» (2014 жыл) атты еңбекті жарыққа шығарды. Ағамыз бұл туындысында қарапайым еңбек адамдарын қадір тұтып, олардың қажырлы істерін кейінгі ұрпақтарына үлгі-өнеге етіп, паш етті. Ол бүкіл бір ғылыми институт атқаратын ұланғайыр қызметті бір өзі атқарды. Ал оған қанша ма күш-жігер, талап, жауапкершілік керек еді.

Жүмекең 2010-2016 жылдар аралығында табандаған 6 жыл уақытын сарп етіп, жанкештілікпен «Екінші дүниежүзілік соғыстағы қазақ офицерлері» атты 25 томнан тұратын құжатты-тарихи кітапттарды жазып шықты. Ондағы мақсатын: «Бұған дейін зерттелмей, анықталмай келген Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысып, ортақ жауларымыз – фашистік Германия мен милитаристік Жапонияны тізе бүктіруге өз үлестерін қосқан қазақ офицерлерін әйгілеу мен кейінгі ұрпақты патриоттық рухта тәрбиелеу», - деп жазған болатын.

Жұмабай ағамыздың қаламынан туындаған сүбелі еңбектері халықтың игілігіне қызмет ете бермек.

Ендігі жерде Сіздің ойсыраған орныңызды біздер қимас естеліктермен толтырып, жабырқаған жанымызды солай жұбатармыз. Бақидағы мәңгілік мекеніңіз жұмақтан болсын!

Қош, қош аяулы ауылдас аға!

Аққали АХМЕТ,
тарих ғылымдарының докторы, профессор

Ұстанымынан айнымаған азамат

ЖҰМАБАЙ ОРЫНҒАЛИҰЛЫМЕН ҰЗАҚ ЖЫЛДАР БОЙЫ БІР САЛАДА, БІР МАҚСАТ ЖОЛЫНДА БІРГЕ ЕҢБЕК ЕТКЕН ЖАН РЕТІНДЕ ОНЫҢ ӨМІРДЕН ӨТКЕНІН АУЫР ҚАБЫЛАДАДЫМ. ОЛ ҚАНДАЙ ҚЫЗМЕТТЕ ЖҮРСЕ ДЕ ӨЗ ҰСТАНЫМЫНАН АЙНЫМАЙТЫН, ӘДІЛДІК ҮШІН КҮРЕСУДІ ӨМІРЛІК ҚАҒИДАСЫНА АЙНАЛДЫРҒАН АЗАМАТ ЕДІ.

Жұмабай Орынғалиұлымен бірге қызмет атқарған жылдары оның еңбек адамының мүддесін бәрінен биік қоятынына талай мәрте куә болдым. Ол облыстық салалық кәсіподақ комитетін басқарған кезеңде қарапайым жұмысшының мәселесін мінберден де, келіссөз үстелінде де батыл көтеретін. Кәсіподақ дегеннің мәні құжат рәсімдеумен қатар, адам тағдырына араша түсу екенін өз ісімен дәлелдеген басшылардың бірі болды. Ұйымдастырушылық қабілеті, табандылығы мен жауапкершілігі ерекше еді. Осы себепті әріптестерінің де, еңбек ұжымдарының да құрметіне бөленді.

Оның өмір жолына көз жүгіртсек, еңбекпен шындалған азаматтың тағдырын көреміз. Махамбет ауданының Таңдай ауылынан басталған еңбек жолында жұмысшы болды, әскер қатарында азаматтық борышын өтеді, құрылыс саласында түрлі қызмет атқарды. Шеберден инженерге, кәсіподақ комитетінің төрағасына дейінгі сатылардың бәрінен өтті. Әрбір қызметті адал атқарып, тәжірибесін ел игілігіне жұмсады. Сондықтан да кәсіподақ жүйесіндегі беделі жоғары болды.

Мені ерекше тәнті еткен кезең – оның өмірінің соңғы он бес жылға жуық уақытын әскери тарихты зерттеуге арнауы. Көпшілік демалысты таңдайтын жаста Жұмабай

Меритократия: мемлекеттік қызметтің жаңа келбеті

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТІҢ ТИІМДІЛІГІ ЕҢ АЛДЫМЕН ОНЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРАТЫН КАДРЛАРДЫҢ КӘСІБИЛІГІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ. СОҢДЫҚТАН МЕМЛЕКЕТІК АЛПАРТҚА ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ӘРБІР ҚЫЗМЕТКЕРДІҢ БІЛІМІ, БІЛКІЛІГІ, ТӘЖІРИБЕСІ МЕН ЖҰМЫС НӘТИЖЕСІНЕ БАСЫМДЫҚ БЕРУ – ЗАМАН ТАЛААБЫ.

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңының талаптарына сәйкес, меритократия – Қазақстан Республикасының азаматтарын мемлекеттік қызметке іріктеу олардың кәсіптік құзыреттері, лауазымдық міндеттерін тиімді орындауы, білктілік талаптарына сай болуы негізінде жүзеге асырылады.

Бүгінде мемлекеттік басқару жүйесінде меритократия қағидаты кадр саясатының басты бағыттарының біріне айналып отыр. Өйткені мемлекеттік қызметте мансаптық өсу адамның жеке байланысына емес, оның кәсіби әлеуетіне, еңбек нәтижесіне және басқарушылық қабілетіне тәуелді болуы тиіс. Осындай тәсіл ғана халықтың сеніміне ие болатын тиімді мемлекеттік аппарат қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Осы мақсатта мемлекеттік қызмет жүйесінде кадрларды іріктеу және олардың мансаптық дамуын қамтамасыз ету тетіктері кезең-кезеңімен жетілдірілуде. Мемлекеттік қызметке орналасу кезінде үміткерлердің кәсіби даярлығы, заңнаманы білу деңгейі, жеке қасиеттері мен практикалық дағдылары жан-жақты бағаланады. Ал қызмет барысында жоғары нәтижеге қол жеткізген мемлекеттік қызметшілердің мансаптық өсуіне қолайлы жағдай жасалады.

Осы саясаттың тиімді құралдарының бірі – Өңірлік жастар кадр резерві. Бұл жоба көпбасшылық қабілеті жоғары, кәсіби деңгей мықты жастарды анықтап, оларды мемлекеттік басқару саласына тартуға бағытталған. Заңнамаға сәйкес резервке енгізілген азаматтарды мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға конкурс отқабей тағайындау мүмкіндігі қарастырылған. Бұл талантты жастардың әлеуетін тиімді пайдалануға және басқарушы кадрлардың жаңа буынын қалыптастыруға ықпал етеді.

Хабарландыру

«EcoVision» ЖШС Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 73-бабына сәйкес хабарлайды: 2026 жылғы 9 қыркүйек күні сағат 11.00-де Атырау облысы, Исатай ауданы, Қамыскала ауылы, Хамит Ергалиев ауылы, Ахмет Жұбанов көшесі, 16 үй, «Исатай ауданы Қамыскала ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ ғимаратында «Атырау облысы, Махамбет ауданы, Баксай ауылдық округіндегі мұнай шламын қайта өңдеу кешені жұмыс жобасына ықтимал әсерлер туралы есеп» бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдау өтетінін хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакетімен «Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі» сайтынан (www.ndbecology.gov.kz), сондай-ақ https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat/?lang=ru сайтыранан танысуға болады.

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар «Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі» сайтында (www.ndbecology.gov.kz) қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда, қоғамдық тыңдаулар онлайн-режимде өткізіледі. Белсенді сілтеме «Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі» сайтында (www.ndbecology.gov.kz) және https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat/?lang=ru сайттарында қосынылатын болады.

Онлайн қосылуларға сілтеме:

https://us04web.zoom.us/j/9318401523?pwd=UE04RlBKcFRiSlhWSE5UQ2xDOFZUUT09

Идентификатор конференция: 931 840 1523

Пароль: 7wrUKe

Қосымша ақпаратты келесі мекен-жай бойынша алуға болады: Атырау облысы, Исатай ауданы, Қамыскала ауылы, Хамит Ергалиев ауылы, Ахмет Жұбанов көшесі, 16 үй, «Исатай ауданы Қамыскала ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ.

Жоспарланып отырған қызметтің операторы: «EcoVision» ЖШС, BCH: 240840009136, мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қ. Алматы ауданы Райымбек даңғылы 212а к. 3 үй.

Жобаны әзірлеуші: «Е.А. Group Kazakhstan» ЖШС, ЖСН: 190540023876. Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қаласы, Астана ауданы, О.Көшевой көшесі 113, ҚҚ. 50. Ұялы телефон: +7 705 478 0043.

інім керісінше, тың ғылыми ізденістің жолына түсті. Ресей Қорғаныс министрлігінің Орталық мұрағатында ұзақ жылдар бойы табанды еңбек етіп, Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан мыңдаған қазақстандық жауынгердің, бұрын белгісіз болып келген қазақ офицерлерінің және 7700-ден астам майдангер қыз-келіншектің есімдерін архивтік құжаттар арқылы қайта жаңғыртты. Бұл – тұтас ұлттың тарихи жадын толықтырған өлшеусіз еңбек. Оның осы бағыттағы іргелі еңбектері кейінгі ұрпақ үшін құнды мұра болып қала береді.

Жұмабай Орынғалиұлы қай істе де ұқыптылықты, табандылықты және шындыққа адалдықты бірінші орынға қоятын. Ол пікірін жасармай айтатын, бірақ ешқашан жеке бастың емес, қоғамның мүддесін көздейтін. Осындай азаматтық болмысы оны көпшілік алдында биік тұлға ретінде танытты.

Бүгінде арамыздан сондай ардақты адамның кеткеніне өкініш білдіреміз. Оның соңында адал еңбекпен өрілген гибратты өмір жолы, кәсіподақ саласындағы өнегелі қызметі, демократиялық құндылықтарды қорғаудағы қайраткерлігі және ұлттық тарихқа қосқан баға жетпес мұрасы қалды. Жұмабайдың жарқын бейнесі мен елге сіңірген еңбегі оны білетін әріптестері мен замандастарының жүрегінде әрдайым сақталады. Марқұмның отбасы мен туған-туыстарына, барша жакындарына айғырғы көңіл айтамын. Жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын.

Есет ӨТЕУЛИЕВ
Құрылыс кешені және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық қызметкерлерінің салалық кәсіподағының ардагері

Атырау облысында да меритократия қағидатын іске асыру бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жүргізілуде. 2024 жылы өңірлік кадр комиссиясының шешімімен 25 азамат Өңірлік жастар кадр резервіне қабылданды. Бүгінде олардың 52%-ы мемлекеттік қызметке конкурстан тыс тәртіппен тағайындалды. Бұл өңірде кәсіби қабілеті жоғары жастарды қолдау тетіктерінің нәтижелі жүзеге асып жатқанын көрсетеді.

Сонымен қатар мемлекеттік қызмет жүйесінде кадрлық ұтқырлықты дамытуға ерекше көңіл бөлінуде. Мемлекеттік органдар арасында және бір органның құрылымдық бөлімшелері ішінде ауысу тетіктері тәжірибелі қызметкерлерді тиімді орналастыруға, олардың кәсіби әлеуетін толық пайдалануға және басқару тәжірибесін жетілдіруге мүмкіндік береді.

Мансаптық өсудің тағы бір маңызды бағыты – ішкі және жалпы конкурстар арқылы жоғары тұрған бос лауазымдарға орналасу. Мұндай мүмкіндік кәсіби деңгейін үнемі жетілдіріп, қызметтік міндеттерін сапалы орындайтын мемлекеттік қызметшілердің білімі мен тәжірибесіне лайықты баға беруге қол ашады.

Меритократия – бұл тек кадрларды іріктеу қағидаты ғана емес, мемлекеттік басқарудағы жауапкершілік пен кәсібилікке негізделген басқару мәдениеті. Әділ бағалау мен еңбек нәтижесіне қарай мансаптық өсу мүмкіндігінің қамтамасыз етілуі мемлекеттік қызметтің тартымдылығын арттырып, қоғамның мемлекеттік институттарға деген сенімін нығайтады.

Сондықтан мемлекеттік қызметте меритократия қағидатын жүйелі түрде дамыту – кәсіби мемлекеттік аппарат қалыптастырудың, тиімді басқаруды қамтамасыз етудің және азаматтарға сапалы мемлекеттік қызмет көрсетудің негізгі кепілі болып қала береді.

Гүлнұр БАҚТЫГЕРЕЙҚЫЗЫ,
ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Атырау облысы бойынша департаменті Мемлекеттік қызмет басқармасының бас маманы

Құрметті тұтынушылар, «Атырау жылу жүйелері» ЖШС 2026 жылдың 24 шілдесінде сағат 11.00-де кәсіпорынның акт залында жылу энергиясын беру, тарату және өткізу қызметін көрсету бойынша тарифтік смета мен инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы 2026 жылдың 1 жартыжылдық есебінің бұқаралық жария тыңдауын өткізді.

Таблицида кәсіпорын жұмысының 2026 жылдың 1 жарты жылдығының негізгі техникалық-экономикалық көрсеткіштері келтірілген:

№ p/c	Көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	2026 ж.
			1 жартыжылдық факт
			Жылу энергиясын беру, тарату және өткізу бойынша қызмет
1	Реттелетін қызметтен түскен табыс	мың теңге	5 536 403
2	Реттелетін қызметтің шығындары	мың теңге	5 469 977
3	Көрсетілетін қызметтің көлемі	Гкал	364 604
4	Жылу энергиясын беру және тарату тарифі (ҚҚС – сыз)	теңге /Гкал	11 913,56
5	Жылу энергиясын өткізу бойынша орташа босату тарифі (ҚҚС – сыз)	теңге /Гкал	1 қаңтардан 31 наурызға дейін – 15 966,76 1 сәуірден 31 желтоқсанға дейін – 19 158,79

Кәсіпорынның жылу энергиясын беру, тарату және өткізу қызметінен 2026 жылдың 1 жартыжылдығында түскен табысы 5 536 403 мың теңге, шығын көлемі 5 469 977 мың теңге.

Инвестициялық бағдарламаның барлық шаралары толық көлемде және жоспарланған мерзімдерде орындалады.

1 жартыжылдық есептің толық ақпараты http:atyrauteplo.kz сайтында орналастырылған.

«Атырау-Ақпарат» ЖШС және облыстық «Атырау» қоғамдық-саяси газетінің ұжымы белгілі қаламгер **Жұмабай Доспановтың** дүниеден өтуіне байланысты марқұмның отбасы мен жакындарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.